

АБАЙ ТОЙЫ ТҮРКИЯДА ТОЙЛАНАДЫ

Қазақтың бас ақыны Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойын бірге тойлауға туысқан Түркия мемлекеті ықылас танытты. Аталған игі тілек Анкарадағы Ғази университетінің (қазір Қажы Байрам университеті) ғалымдары мен мәдениет жанашырлары тарапынан туып отыр.



Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев ұлы ақынның 175 жылдық мерейтойына даярлық туралы арнайы Жарлық шығарып, алқалы жиында: «Абай — шын мәнінде, қазақ болмысының айнасы. Ақынның дара тұлғасы — халқымыздың руханиятын әлемге танытатын теңдесі жоқ құндылық. Дүниежүзі әдебиетінде Абай сияқты ақын, ағартушы, ойшыл, сыншы кемде-кем», — деген болатын. Бұл орайда, елімізде арнайы мемлекеттік комиссия да құрылды. Мемлекет басшысы Жарлығында дана ақын мұрасын әлем тілдеріне аударып, шет елдерде де атап өту жайы сөз болған-ды.

Абай тойына дайындық бас-талысымен-ақ түбі бір түркі жұрты бірлігінің дәлеліндей болып Түркия мемлекеті бірден қол-ұшын созып отыр. Түркиядағы Қажы Байрам университеті Тіл-әдебиет бөлімінің профессор-лары Хулия Ченгел, Гүлжанат Құрманғалиева—Ержиласун өз оқу орындарында Абай мұрасын байыптауға арналған халықаралық конференция өткізу туралы идеяны бірден қолдап, бас-шыларымен кеңесетінін жеткізді.

Абайдың Түркия жеріндегі 175 жылдық мерейтойына қатыс-ты келелі де түйінді пікір айтқан Тіл құрымының басшысы, таны-мал турколог Гүрер Гүлсевин болды. Кезінде Мұстафа Ататүрік негізін қалаған тарихи құрым президенті Л.Гумилев атындағы

ЕҰУ-дың проректоры Д.Қамза-бекұлы бастаған делегацияны бас-офисінде ықыласпен қабылдай отырып: «Абай — түрік дүниесінің айнасы. Өте биік тұлғасы. Біз Абай мұрасын жаңа заман мен ғылым талабына сай жан-жақты зерттеуіміз керек. Анкарада Абай конференциясын өткізуді 2020 жылдың 16-17 сәуір аралығына белгілейік. Бұған Еуразия уни-верситеті, Қажы Байрам уни-верситеті атсалысса, тіпті жақсы. Негізгі өткізу шарасын Тіл құры-мы өз мойнына алады. Бірақ бәрі өркеніетті талап пен заң шеңбе-рінде өтуі тиіс», — деді.

Сонымен қатар Г.Гүлсевин Тіл құрымы кітапханасынан кезінде Қазақстан ғалымдары шығарған «Абай тілі сөздігін» мақтанышымен көрсетті.

Қос ғылыми жыйнаға қатыс-қан Қазақстан жоғары оқу орын-дары делегациясы Еуразия уни-верситетінің Абай жылын шетел-де, Түркияда бастау туралы идея-сының қолдау тапқанына қуа-нып, естелік фотоға түсті.

Конгресс пен симпозиум арасында ЕҰУ ғалымдарын Ан-карада орналасқан Еуразия Жазушылар одағының төрағасы Якуб Өмероглу қабылдап, Абай мерейтойы мен Алаш тұлғалары туралы пікір алмасты. «Сабакты

ине сәтіммен» дегендей, Еуразия ғалымдары, осы одақ пен Түрік телеарнасы бірлесіп даярлап жатқан «Әлихан Бөкейхан» және «Міржақып Дулатұлы» атты түрікше деректі фильмдерге ғылы-ми түсінік-сұхбат берді.

Қазақстанның Түркиядағы Төтенше және өкілетті елшісі Абзал Сапарбекұлы Еуразия уни-верситетінің Абай мерейтойын шетелде Түркиядан бастау жө-ніндегі идеясына қызығушылық білдіріп: «Бұл — өте маңызды шара. Біз Абай өлеңдерін түрік тіліне аударуды қолға алып жа-тырмыз. Әрине, сапалы аударма-ға бірте-бірте жетеміз. Президент мерейтойға қатысты айтқан ТҮРКСОЙ өз міндетін лайықты орындайды деп сенемін», — деді.

Айта кетейік, 2016 жылы Алаш көшбасшысы, көрнекті Мемлекет және қоғам қайраткері Әлихан Бөкейханның 150 жылдық мерейтойына арналған конференцияны шет мемлекет-тен алғашқы болып Түркия, дәлірек айтсақ Ғази университеті қолдап өткізген еді. Енді осы тарихи сабақтастық Абай тойын-да да жалғасын тауып, күллі түр-кінің мерейін аскактатар айтулы шараға айналғалы тұр.

Б.БАЗАР